

Тақырыбы: Пульс. Микроциркуляция

Жоспары:

- 1. Артерия пульсі, анықтамасы, сипаттамасы**
- 2. Вена пульсі, анықтамасы, сипаттамасы**
- 3. Микроциркуляция, ерекшеліктері**

Артериялық пульс дегеніміз - жүрек қызметіне және қолқадағы қан қысымының жоғарылап-төмендеуіне байланысты артерия тамырлар қабырғасының соғуы . Пульсті пальпаторлы (сипау) әдісімен білек, самай, ұйқы артерияларында анықтайды. Систолада аортаға шыққан қан, оны кеңейтсе, диастолада қалпына келтіреді. Тамырдың қабырғасының толқыны қолқада 5,5-8 м/с, ал шеткі артерияларда 6-9,5 м/с жылдамдықпен таралады.


Пульстің көрсеткіштері

1. Жиілігі: жиі – сирек
2. Ырғақтығы: ырғақты емес – ырғақты
3. Қатаңдығы: қатты – жұмсақ
4. Қанға толуы: толы – бос

Артерия пульсін жазғанда анықталады:

5. Серпіні: үлкен - әлсіз
6. Шапшаңдығы: шапшаң - жазық


Сфигмография - пульстің қисық сызығын жазу әдісі



1. Анакрота
2. Катакрота
3. Инцизура
4. Дикроттық тіс

Веналық пульс дегеніміз - қанның веналарда іркіліп қалуына байланысты ірі веналардың қабырғасының толқуы

Флебография - веналық пульстің қисық сызығын тіркеу әдісі



Флеограмма:

a – атриалды тіс

c – каротидтік тіс


v – көлемдік (вольюмдік)

**Микроциркуляция термині
1954 жылы енгізілген.**

**Микроциркуляция дегеніміз
- өте ұсақ диаметрі 2-200
мкм қан-лимфа
тамырларында өтетін
үрдістер.**

Микроциркуляция аймағына жатады:

1. Артериолалар (метаартериоладар)
2. Прекапилярлар
3. Прекапилярлы сфинктерлер
4. Қуысы ашық капиллярлар
5. Веноздық капиллярлар
6. Посткапилярлар
7. Посткапилярлық сфинктерлер
8. Артерио - веноздық анастомоздар



Микроциркуляциялық аймақтың морфо-физиологиялық ерекшеліктері:

- 1. Капиллярлардың қабырғасы бір қабатты**
- 2. Қан ағуының сызықтық жылдамдығы = 0,5-1 мм/сек**
- 3. Симпатикалық постганглионарлық талшықтармен нервтенуі**
- 4. Қанның үздік-үздік ағуы**
- 5. Екі түрлі қызмет атқаратын капиллярлар: магистральдық және “кезекші” капиллярлар**

- 6. Гуморальдық жолмен реттелуі басым**
- 7. “Қоғамдық” терминалдар**
- 8. Капильярдың артерия жағында қысым = 25-30 мм с .б., ал вена жағында қысым = 12-15 мм с.б.**

Микротамырлардағы қан ағуының параметрлерін бағалау үшін лазерлік доплер флоуметр әдісі қолданылады (тіндерді оптикалық монохроматтік әдіспен тексеру)